

## Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 973 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Air Luther AG компаниясы (Швейцария) Мемлекет басшысының литерлік рейстерін қамтамасыз ету үшін 7556500000 (жеті миллиард бес жүз елу алты миллион бес жүз мың) теңге сомасына сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар сериялық нөмірі 2592 А319-115/CJ әуе кемесін, сондай-ақ оған қосалқы бөлшектерді, жабдықтар мен арнайы құрал-саймандарды (бұдан әрі - әуе кемесі) беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының "Бүркіт" мемлекеттік авиакомпаниясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды ;

2) осы қаулыға сәйкес тауарларды мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 3 және 4-тармақтарын орындауды ;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының "Бүркіт" мемлекеттік авиакомпаниясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны үшін әуе кемесін меншігіне сатып алуға рұқсат беруді ;

2) әуе кемесін Қазақстан Республикасының Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізуді және оны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беруді;

3) әуе кемесінің ұшу жарамдылығы туралы сертификат беруді қамтамасыз етсін.

4. "Эйр Астана" акционерлік қоғамы "Эйр Астана" авиакомпаниясының А 320 әуе кемелеріне жұмысқа тартылған, қызмет ететін ұшқыштар мен инженерлердің ішінен ұшу және инженерлік-техникалық құрамды бөлу мен қайта даярлауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК